

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

BTD3180



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	8 Радио тыңдау	22
Қауіпсіздік	2	FM антеннасын жалғау	22
		Радио станцияға реттеу	22
2 Шағын жүйе	4	Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	22
Кіріспе	4	Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	22
Қораптың құрамы	4	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	23
Негізгі құрылғыны шолу	5		
Қашықтан басқару құралына шолу	6		
		9 Басқа мүмкіндіктер	24
3 Қосу	8	Оятықш таймерін орнату	24
Құрылғыны орналастыру	8	Ұйқы таймерін орнату	24
Динамиктерді қосу	8	Құлақаспап арқылы тыңдау	24
Бейне опцияларын қосу	8		
Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу	10	10 Параметрлерді реттеу	25
Қуатты қосу	11	Жалпы реттеу	25
		Бейнені реттеу	25
4 Жұмысты бастау	12	Дыбысты реттеу	26
Қашықтан басқару құралын дайындау	12	Артықшылықтар	26
Сағатты орнату	12		
Қосу	12	11 Өнім туралы ақпарат	28
Дұрыс көру арнасын іздеу	13	Ерекшеліктер	28
Дұрыс TD жүйесін таңдау	13	Қолданылатын дискі пішімдері	29
Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту	13	USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	29
EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату	14		
		12 Ақаулықтарды жою	30
5 Ойнату	16	13 Ескерту	32
Дискіден ойнату	16		
USB немесе жазылған дискілерден ойнату	17		
Ойнатуды басқару	18		
Тректерді таңдау	18		
Ойнату опциялары	19		
6 Караоке пайдалану	20		
Караоке параметрлерін реттеу	20		
7 Bluetooth қолдайтын құрылғылардан ойнату	21		

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалғанда, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
 - Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
 - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

2 Шағын жүйе

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- DVD/VCD/SVCD ішіндегі немесе USB жад құрылғыларындағы бейнені көру;
- дискілерден, Bluetooth қолдайтын құрылғылардан, USB сақтау құрылғыларынан немесе басқа сыртқы құрылғылардан аудио тыңдау;
- Караокені микрофонды қосу арқылы пайдалану;
- дискілердегі немесе USB жад құрылғыларындағы суреттерді көру;
- FM радиостанцияларын тыңдау.

Дыбыс шығысын төмендегі дыбыс әсерімен арттыруға болады:

- DSC (сандық дыбысты басқару)
 - DSC 1: теңгерілген
 - DSC 2: таза
 - DSC 3: қуатты
 - DSC 4: жұмсақ
 - DSC 5: ашық

Бұл құрылғы мына құрал пішімдерін қолдайды:



DVD аймақтық коды

Елдер




Ресей

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- 2 x динамик
- 1 x композиттік бейне кабелі (сары)
- 1 x FM антеннасы
- Қашықтан басқару құралы (екі AAA батареясымен)
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу



①

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.

② **Қуат индикаторы мен Bluetooth индикаторы**

- Қуат/Bluetooth байланыс күйін көрсету.

③ **Дисплейлі панель**

- Ағымдағы күйді көрсету.

④ **SOURCE**

- Көзді таңдау: DISC, USB, FM, AUX, BT (Bluetooth).

⑤

- USB жад құрылғысына арналған ұя.

⑥ **MIC IN**

- Микрофонды қосу.

⑦

- Құлаққап ұясы.

⑧ **Диск бөлімі**

⑨

- Диск бөлімін ашу/жабу.

⑩

- Ойнатуды тоқтату.

⑪

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Радиостанцияны реттеу үшін басу.
- Радиостанцияларды автоматты түрде табу үшін басып тұру.


⑫ **VOLUME +/-**

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑬

- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.

Қашықтан басқару құралына шолу



① ⏻ /STANDBY

- Құрылғыны қосу не өшіру.
- Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.

② 🏠

- Жүйе мәзіріне кіру.

③ DISPLAY

- Ойнату туралы мәліметтерді қарау.

④ ◀ / ▶ (◀◀ / ▶▶)

- Мәзірде жылжу.
- Жолда/дискіде/USB құрылғысында іздеу.
- Радиостансаны реттеу.

⑤ SUBTITLE/PRESET + (▲) / AUDIO/PRESET - (▼)

- Мәзірде жылжу.
- Алдыңғы/келесі альбомға өтініз.
- **SUBTITLE** (▲): алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- **AUDIO** (▼): субтитр тілін таңдау.
- Уақытты орнату.

⑥ ↶

- Алдыңғы дисплей мәзіріне оралу.

⑦ +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑧ ◀ / ▶

- Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, трекке немесе файлға өту.

⑨ Санды түймелер

- Ойнату үшін атауды/бөлімді/жолды таңдау (Қосымша мәліметтерді **5-тарауда «Тректерді таңдау»** бөлімінде қараңыз.).
- Алдын ала орнатылған санды таңдау.

⑩ MENU

- DISC/USB/iPod/iPhone/iPad мәзірін ашу.

⑪ OPTION

- DISC/USB ойнату режимінде таңдаулы ойнату опцияларын таңдау үшін басу.

⑫ PROG/CLOCK SET

- Радио станцияларды бағдарламалау.
- Сағатты орнату.
- Сағат туралы мәліметтерді қарау.

⑬ TIME/SLEEP

- Оятар таймерін орнатыңыз.
- Ұйқы таймерін орнатыңыз.

⑭ RDS

- Таңдалған FM радио станциялары үшін RDS (Радио деректер жүйесі) ақпаратын көрсетіңіз.

⑮ ▶▶

- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.

⑯ ■

- Ойнатуды тоқтату.

⑰ 🎧

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

⑮ SOUND

- DSC (сандық дыбысты басқару)
мүмкіндігімен дыбыс әсерін арттыру.

⑯ OK

- Таңдауды растау.

⑰ SOURCE


- Көзді таңдау: dock, BT (Bluetooth),
DISC, USB, FM, AUX.

⑱ EJECT ▲

- Диск бөлімін ашу немесе жабу үшін
басу.

3 Қосу

Құрылғыны орналастыру



- 1 Құрылғыны ТД жанына орналастырыңыз.
- 2 Сол және оң динамиктерді ТД-дан бірдей қашықтықта және тыңдау орнынан шамамен 45 градус бұрышпен орналастырыңыз.

Ескертпе


- Магниттік кедергілерді немесе қажетсіз шуды болдырмау үшін, осы құрылғыны және динамиктерді ешқашан қандай да бір радиация құрылғыларының жанына тым жақын қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны үстелдің үстіне қойыңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан жабық шкаф ішіне қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны АТ ашасына оңай жетуге болатын АТ розеткасының жанына қойыңыз.

Динамиктерді қосу



Ескертпе

- Оңтайлы дыбыс үшін тек берілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Номиналдық қарсылығы берілген динамиктермен бірдей немесе одан жоғары динамиктерді ғана қосыңыз. Осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз.



- 1 Ұя жапқышын ұстап тұрыңыз.
- 2 Сымның жалаң бөлігін толығымен салыңыз.
 - Оң динамиктер сымын «R» жағына, ал сол динамиктер сымын «L» жағына салыңыз.
 - Қызыл сымдарды «+», ал қара сымдарды «-» жағына салыңыз.
- 3 Ұя жапқышын босатыңыз.

Бейне опцияларын қосу


ТД қолдай алатын ең жақсы бейне қосылымын таңдаңыз.

- **1-әдіс:** HDMI-ARC арқылы теледидарға жалғау (HDMI, DVI немесе HDCP үйлесімді ТД үшін).
- **2-әдіс:** стандартты HDMI арқылы теледидарға жалғау (HDMI, DVI немесе HDCP үйлесімді ТД үшін).
- **3-әдіс:** композиттік бейне ұясына жалғау (стандартты ТД үшін).

1-параметр: HDMI (ARC) арқылы теледидарға жалғау

Ең жақсы сапалы бейне

Үй кинотеатры дыбысты қайтару арнасы (ARC) бар HDMI нұсқасын қолдайды. Егер теледидар HDMI ARC үйлесімді болса, жалғыз HDMI кабелін пайдаланып, үй кинотеатры арқылы ТД дыбысын естуге болады.



- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін (жинаққа кірмейді) пайдаланып, құрылғыдағы **HDMI** қосқышын теледидардағы **HDMI ARC** қосқышына жалғаңыз.
 - Теледидардың **HDMI ARC** қосқышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
 - HDMI-CEC — HDMI арқылы жалғанған, теледидар мен үй кинотеатрының екеуіне да арналған дыбыс деңгейін басқару құралы сияқты қашықтан басқару құралы арқылы басқарылатын CEC технологиясымен үйлесімді құрылғыларды қосатын мүмкіндік.
- 3 Құрылғы арқылы ТД дыбысын ести алмасаңыз, дыбыс параметрлерін қолмен орнатыңыз.

2-әдіс: стандартты HDMI арқылы теледидарды жалғау

Ең жақсы сапалы бейне

ТД HDMI ARC үйлесімді болмаса, үй кинотеатрын теледидарға стандартты HDMI қосылымы арқылы жалғаңыз.

- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін (жинаққа кірмейді) пайдаланып, үй кинотеатрындағы **HDMI** қосқышын теледидардағы **HDMI** қосқышына жалғаңыз.
- 2 ТД дыбысын үй кинотеатры арқылы есту үшін дыбыстық кабельді жалғаңыз.
- 3 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
 - HDMI-CEC — HDMI арқылы жалғанған, теледидар мен үй кинотеатрының екеуіне да арналған дыбыс деңгейін басқару құралы сияқты қашықтан басқару құралы арқылы басқарылатын CEC технологиясымен үйлесімді құрылғыларды қосатын мүмкіндік.
- 4 Үй кинотеатры арқылы ТД дыбысын ести алмасаңыз, дыбыс параметрлерін қолмен орнатыңыз.




Ескертпе

- Теледидардың DVI қосқышы бар болса, теледидарға қосылу үшін HDMI/DVI адаптерін пайдалануға болады. Бірақ, кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

3-параметр: Теледидарға құрама бейне арқылы қосылу

Қарапайым сапалы бейне

Теледидарда HDMI қосқыштары жоқ болса, құрама бейне қосылымын пайдаланыңыз. Құрама байланыс анықтағы жоғары бейнені қолдамайды.




- 1 Композиттік бейне кабелін пайдаланып, үй кинотеатрындағы **VIDEO (VIDEO OUT)** қосқышын теледидардағы **VIDEO IN** қосқышына жалғаңыз.
 - Құрама бейне қосқышында **AV IN**, **COMPOSITE** немесе **BASEBAND** белгісі болуы мүмкін.
- 2 ТД дыбысын үй кинотеатры арқылы есту үшін дыбыстық кабельді жалғаңыз.
- 3 ТД бағдарламаларын көргенде, дұрыс дыбыс кірісін таңдау үшін үй кинотеатрында **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 ТД бейнелерін көргенде, теледидарды дұрыс бейне кірісіне ауыстырыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу


Дыбысты сыртқы дыбыс құрылғыдан осы құрылғыға бағыттауға болады.

Егер сыртқы дыбыс құрылғысында аналогты дыбыс шығу ұялары бар болса (сіздің ТД сияқты):



- Дыбыс кабельдерін (жинаққа кірмейтін қызыл/ақ) келесіге жалғаңыз:
 - құрылғының артқы жағындағы **AUDIO-IN(L және R)** ұялары және
 - сыртқы дыбыс құрылғысындағы дыбыс шығысы ұялары.

Егер сыртқы дыбыс құрылғысында 3,5 мм дыбыс шығу ұялары бар болса:




- 3,5 мм қызыл/ақ дыбыс кабелін (жинаққа кірмейді) мыналарға жалғаңыз:
 - құрылғының артқы жағындағы **AUDIO-IN(L және R)** ұялары және
 - сыртқы дыбыстық ойнатқыштағы құлақаспап ұясы.

Қуатты қосу

! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- АТ қуат сымын қосудың алдында барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



АТ қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.

4 Жұмысты бастау

! Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Модель нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____


Қашықтан басқару құралын дайындау

! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын жағдайда батареяларды алып тастаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 Жинақта берілген AAA батареяларын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде, қашықтан басқару құралындағы **CLOCK SET** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ [24H] не [12H] сағат пішімі көрсетіледі.
- 2 [24H] не [12H] сағаттық форматын таңдау үшін ▲ / ▼ (немесе +/-) түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағат пен минутты орнату үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.

≡ Ескертпе

- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, жүйе сағат орнату режимінен автоматты түрде шығады.

* Кеңес

- Қуатты үнемдеу режимінде сағат туралы мәліметтерді **CLOCK SET** түймесін басу арқылы қарауға болады.

Қосу

- ⏻ түймесін басыңыз.
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін **⏻** түймесін басыңыз.
 - ↳ Панельде сағат (орнатылған болса) көрсетіледі.

ECO күту режиміне ауыстыру үшін:

- **⏻** түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі күңгірттеледі.



Ескертпе

- DISC, USB, FM and AUX режимінде құрылғы 15 минут күту режимінде тұрғаннан кейін Eco қуатты үнемдеу режиміне ауысады.
- IBT (Bluetooth) режимінде құрылғы 15 минут әрекетсіздік күйінде тұрғаннан кейін Eco қуатты үнемдеу режиміне ауысады.

Күту режимі мен ECO күту режимі арасында ауысу үшін:

- **⏻** түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.

Дұрыс көру арнасын іздеу

- 1 Диск көзіне ауысу үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 ТД қосыңыз және дұрыс бейне кірісі арнасына келесі жолдардың біреуімен ауысыңыз:
 - Теледидардағы ең төмен арнаға өтіңіз, одан кейін көк экранды көргенше, Channel Down (Бір арна төмен) түймесін басыңыз.
 - ТД-дың қашықтан басқару құралындағы көз түймесін қайталап басыңыз.



Кеңес

- Бейне кірісі арнасы ең төмен және ең жоғары арналар арасында болады және FRONT, AV IN, VIDEO, т.б. деп аталуы мүмкін. ТД-да дұрыс кірісті таңдау жолы туралы мәліметтерді ТД пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Дұрыс ТД жүйесін таңдау

Бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертңіз. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- 1 **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** (Орнату) -> **[Video]** (Бейне) -> **[TV System]**(ТД жүйесі) тармағын таңдаңыз.
- 3 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 - **[PAL]** (PAL) — PAL түс жүйесі бар ТД үшін.
 - **[Multi]** (Multi) — PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.
 - **[NTSC]** (NTSC) — NTSC түс жүйесі бар ТД үшін.
- 4 Алдыңғы мәзірге оралу үшін **↶** түймесін басыңыз.
- 5 Мәзірден шығу үшін **⬆** түймесін басыңыз.

Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту

- 1 **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** (Орнату) -> **[General]** (Жалпы) -> **[OSD Language]** (OSD тілі) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Мәзірден шығу үшін **⬆** түймесін басыңыз.

EasyLink (HDMI-CEC бақылауы) параметрлерін орнату

Теледидарда HDMI CEC (Тұтынушылардың электрондық бақылауы) протоколын пайдаланатын Philips EasyLink мүмкіндігі бар. HDMI арқылы қосылған EasyLink үйлесімді құрылғыларын бір қашықтан басқару құралымен басқаруға болады.

Ескертпе

- Өндірушіге байланысты HDMI-CEC көп аттармен аталады. Құрылғы туралы ақпарат алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- WOOX Innovations компаниясы барлық HDMI CEC құрылғыларымен үйлесімді болуына 100% кепілдік бермейді.

Бастау алдында

- Өнімді HDMI-CEC үйлесімді құрылғыға HDMI қосылымы арқылы жалғаңыз.
- Қысқа бастау нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз да, теледидарды үй кинотеатры үшін дұрыс көзге ауыстырыңыз.

EasyLink мүмкіндігін қосу

- 1  (Бастапқы) түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Video]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 **[HDMI Setup]** > **[EasyLink Setup]** > **[EasyLink]** > **[On]** тармақтарын таңдаңыз.

- 5 Теледидарда және басқа жалғанған құрылғыларда HDMI-CEC бақылауын қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың немесе басқа құрылғылардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
 - Теледидарда дыбыс шығысын теледидар динамиктері емес, «Күшейткіш» деп орнатыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

EasyLink басқару элементтері

EasyLink көмегімен үй кинотеатрын, теледидарды және басқа жалғанған HDMI-CEC үйлесімді құрылғыларды бір қашықтан басқару құралымен басқара аласыз.

- **[One Touch Play]** (бір түртүмен ойнату): егер бір түртүмен ойнату қосылған болса, теледидарды күту режимінен ояту үшін үй кинотеатрының басқару құралындағы **Φ (Күту режимі қосылды)** түймесін басыңыз.
- **[One Touch Standby]** (бір түртүмен күту режиміне өткізу): егер бір түртүмен күту режиміне өткізу қосылған болса, үй кинотеатрын күту режиміне теледидардың немесе басқа HDMI-CEC құрылғыларының қашықтан басқару құралының көмегімен ауыстыруға болады.
- **[Sys Audio Control]** (жүйелік дыбысты басқару): жүйелік дыбысты басқару қосылған болса, құрылғыны ойнатқанда, үй кинотеатрының динамиктерінен жалғанған құрылғының дыбысы автоматты түрде шығарылады.
- **[Audio Mapping]** (Дыбыстық кірісті салыстыру): егер жүйелік дыбысты басқару жұмыс істемесе, жалғанған құрылғыны үй кинотеатрындағы дұрыс дыбыстық кіріс қосқышына салыстырыңыз.



- EasyLink бақылауы параметрлерін орнату үшін **🏠 (Бастапқы)** түймесін басып, **[Setup] > [Video] > [HDMI Setup] > [EasyLink Setup] > [EasyLink]** тармағын таңдаңыз.

Дыбыс параметрлерін орнату

Егер үй кинотеатрының динамиктері арқылы қосылған құрылғының дыбыстық шығысын естімесеңіз, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- барлық құрылғыларда EasyLink функциясы қосылып тұрғанын тексеріңіз және
- теледидарда дыбыс шығысын теледидар динамиктері емес, «Күшейткіш» (ТД динамиктерінің орнына) деп орнатыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз және
- EasyLink дыбысты басқару элементін реттеңіз.

- 1 **🏠 (Бастапқы)** түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **[Video]** опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 **[HDMI Setup] > [EasyLink Setup] > [System Audio Control] > [On]** тармақтарын таңдаңыз.
 - ТД динамиктерінің дыбысын ойнату үшін **[Off]** пәрменін таңдап, келесі қадамдарды өткізіп жіберіңіз.
- 5 **[HDMI Setup] > [EasyLink Setup] > [Audio Mapping]** тармақтарын таңдаңыз.
- 6 Жалғанған құрылғыны үй кинотеатрындағы дыбыс кірістеріне салыстыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
 - Үй кинотеатрын теледидарға **HDMI ARC** қосылымы арқылы қоссаңыз, ТД дыбысы үй кинотеатрындағы ARC кірісіне салыстырылғанын тексеріңіз.

5 Ойнату



Дискіден ойнату



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Диск тұрақтандырғыш сақиналар немесе дискіні өңдеу парақтары сияқты қосалқы құралдардың көмегімен ешқашан дискілерді ойнатпаңыз.
- Диск бөліміне ешқашан дискілерден басқа ешбір заттарды салмаңыз.

- 1 Диск ресурсын таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Диск бөлімін ашу үшін, **▲** түймесін басыңыз.
- 3 Дискіні басылған бетін жоғары қаратып салыңыз.
- 4 Диск бөлімін жабу үшін **▲** түймесін басыңыз.
 - ↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.



Егер ойнату автоматты түрде басталмаса:

- Атауды/бөлімді/жолды таңдап, **▶||** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Құлыпталған DVD дискісін ойнату үшін, 6 сандық ата-аналық бақылау құпия сөзін енгізіңіз.

Диск мәзірін пайдалану

DVD/(S)VCD дискісін салғанда, ТД экранында мәзір көрінуі мүмкін.

- Диск мәзірін қолмен ашу немесе шығу үшін, **MENU** түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару (PBC) мүмкіндігі бар VCD үшін (2.0 нұсқасы ғана):

Ойнатуды басқару (PBC) мүмкіндігі бар VCD дискісін мәзір экранына сәйкес интерактивті түрде ойнатуға болады.

- Ойнату кезінде PBC (ойнатуды бақылау) мүмкіндігін қосу/ажырату үшін, **MENU** түймесін басыңыз.
 - ↳ Ойнатуды басқару (PBC) мүмкіндігі қосылу кезінде, мәзір экраны көрсетіледі.
 - ↳ PBC (ойнатуды бақылау) мүмкіндігі ажыратылып тұрғанда қалыпты ойнату жалғасады.

Дыбыс тілін таңдау

- Дискіні ойнату кезінде DVD немесе DivX (Үй кинотеатры 3.1) бейнесінің дыбыс тілін таңдау үшін, **AUDIO (▼)** түймесін басыңыз.
 - ↳ Тіл опциялары көрсетіледі. Таңдалған дыбыс арналары қол жетімді емес болса, әдепкі дискінің дыбыс арнасы пайдаланылады.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілері үшін тілді тек диск мәзірінен өзгертуге болады. Мәзірді ашу үшін **MENU** түймесін басыңыз.

Субтитрдің тілін таңдау

- Ойнату кезінде DVD немесе DivX (Үй кинотеатры 3.1) бейнесінің субтитр тілін таңдау үшін, **SUBTITLE** (▲) түймесін қайта-қайта басыңыз.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілері үшін тілді тек диск мәзірінен өзгертуге болады. Дискі мәзірін ашу үшін, **MENU** түймесін басыңыз.

Бейнені ойнатуды соңғы тоқтатылған нүктеден жалғастыру



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек CD/DVD/VCD/DivX ойнату үшін қол жетімді.

- Ойнату режимінде және диск алынбаған болса, ►|| түймесін басыңыз.

Ойнатуды толығымен тоқтату:

- Тоқтату режимінде ■ түймесін басыңыз.

Дыбыс арнасын өзгерту



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік VCD және DivX (Үй кинотеатры 3.1) бейнелері үшін ғана қолжетімді.



Ойнату кезінде дискіде қол жетімді дыбыс арнасын таңдау үшін **AUDIO** түймесін қайталап басыңыз:

- **[Mono Left]** (моно сол жақ)
- **[Mono Right]** (моно оң жақ)
- **[Mix-Mono]** (аралас-моно)
- **[Stereo]** (стерео)

USB немесе жазылған дискілерден ойнату

CD-R/RW, жазылатын DVD немесе USB жад құрылғысына көшірілген DivX (Үй кинотеатры 3.1)/MP3/JPEG сурет файлдарын ойнатуға болады.

- 1 Көзді таңдаңыз.
 - Диск немесе USB көзін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 USB жад құрылғысын немесе дискіні салыңыз.
 - ↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.



Көрсетілген файлды ойнату:

- 1 Ойнатуды тоқтату үшін, ■ түймесін басыңыз.
- 2 Қалтаны таңдау үшін, ▲ / ▼ түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін ↶ түймесін басыңыз.

- 3 Қалтадан файлды таңдау үшін, ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 4 Ойнатуды бастау үшін ►|| түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Тек осы құрылғының DivX тіркеу коды арқылы жалға алынған немесе сатып алынған DivX (Үй кинотеатры 3.1) бейнелерін ойната аласыз.
- Келесі файл атауының кеңейтімдері (.srt, .smi, .sub, .ssa, .ass) бар субтитр файлдарына қолдау көрсетіледі, бірақ олар файлдарды шарлау мәзірінде көрсетілмейді.
- Субтитр файлының атауы бейне файлының атауымен бірдей болуы керек.

Фондық музыкасы бар слайд көрсетілімін ойнату

Бұл құрылғы бір уақытта MP3 файлдарын және JPEG фотосуреттерін ойната алады.

Ескертпе

- MP3 және JPEG файлдары бірдей дискіде немесе USB жад құрылғысында сақталған болуы керек.

- 1 MP3 файлын ойнату.
- 2 Фотосурет қалтасына/альбомына өтіп, слайд көрсетілімін бастау үшін, ►|| түймесін басыңыз.
 - ↳ Слайд көрсетілімі басталады және фотосуреттер қалтасының немесе альбомының соңына дейін жалғасады.
 - ↳ Дыбыс соңғы файлдың соңына дейін жалғасады.
- Алдыңғы мәзірге оралу үшін ↶ түймесін басыңыз.
- Слайд көрсетілімін тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару

▲ / ▼	Қалтаны таңдау.
◀ / ▶ (◀◀ / ▶▶)	Жылдам артқа/алға.
⏮ / ⏭	Алдыңғы немесе келесі атауға/бөлімге/жолға/файлға ауысады.
►	Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
■	Ойнатуды тоқтату.
+/-	Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
✳ (дыбыссыз)	Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
SOUND	Дыбыстық әсерді дыбысты басқару әсері мүмкіндігімен арттыру: теңгерілген, таза, қуатты, жұмсақ және ашық.
DISPLAY	Ойнату туралы мәліметтерді қарау.

Тректерді таңдау

- 1 Тректі таңдауды белсендіру үшін сандық түймелердің кез келгенін басыңыз.
 - ↳ Экранда тректердің жалпы саны көрсетіледі.
- 2 Тректі таңдау үшін үш сандық түймені ретпен басыңыз (тректердің жалпы саны < 999) немесе тректі таңдау үшін төрт сандық түймені ретпен басыңыз (тректердің жалпы саны > = 1000)

Мысалы: 1 трегін таңдау үшін 001 түймелерін басыңыз немесе 2 треін таңдау үшін 0002 түймелерін басыңыз.
- 3 Растау үшін OK түймесін басыңыз.

Ойнату опциялары

ДИСК/USB ойнату режимінде басқа ойнату опцияларын таңдау үшін **OPTION** түймешігін басыңыз.

- **[PBC]** (PBC): ойнатуды бақылау мүмкіндігін қосу/өшіру.
- **[Aspect Ratio]** (Кадр пішімі): ТД экранына сай суретті көрсету пішімін таңдау.
- **[Angle]** (Ракус): камера ракустары арасында ауысу.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілерінде түрлі камера ракустарынан жазылған сценарийлер секілді баламалы сценарийлер бар. Мұндай DVD дискілері үшін қолжетімді баламалы сценарийлерден таңдауға болады.
- **[Microphone]** (Микрофон): микрофонның дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Karaoke Setup]** (Караокені орнату): микрофон кірісінің дыбыс деңгейін және жаңғырық деңгейін, әрі музыканың үндестілік деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- **[Vocal]** (Вокал): түрлі Караоке дыбыс режимдерін таңдау немесе бастапқы вокалды өшіру.
- **[Zoom]** (Масштабтау): бейнені ойнату кезінде, сурет бойынша суретте жылжу үшін ұлғайту/кішірейту.
- **[Repeat]** (Қайталау): қайталап ойнату опциясын таңдау немесе қайталау мүмкіндігін өшіру.
- **[GOTO]** (Өту): бейнені ойнату кезінде қажетті уақыт пен санды енгізу арқылы ойнатуды бастау орнын көрсету.
- **[Slow Backward]** (Баяу артқа) & **[Slow Forward]** (Баяу алға): ойнату кезінде баяу артқа/алға жылдамдығын таңдау.

6 Караоке пайдалану

Музыка көзімен ән айту үшін, микрофонды (жинаққа кірмейді) қосуға болады.

Ескертпе

- Микрофонды қосудан бұрын гүлді болдырмау үшін, микрофонның дыбыс деңгейін ең төменгі деңгейге орнатыңыз.

- 1 Караоке дискісін салыңыз.
- 2 Микрофонды алдыңғы панельдегі **MIC IN** ұясына жалғаңыз.
- 3  түймесін басып, **[Karaoke]** (Караоке) опциясын таңдаңыз.
- 4 Микрофонның дыбыс шығысын қосыңыз («**Караоке параметрлерін реттеу**» бөлімін қараңыз).
- 5 Караоке дискісін ойнатыңыз да, микрофон арқылы ән айтыңыз.

Караоке параметрлерін реттеу

- **[Microphone]** (Микрофон): микрофонның дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Mic Volume]** (Мик дыбыс деңгейі): микрофонның дыбыс деңгейін реттеу.
- **[Echo Level]** (Эхо деңгейі): эхо деңгейін реттеу.
- **[Karaoke Scoring]** (Караоке ұпай жинау): караоке ұпай жинау функциясын өшіру немесе ұпай жинау деңгейін таңдау (бастапқы/орта/жоғары). Егер деңгей таңдалса, ұпай әрбір ән аяқталған соң көрсетіледі.

- **[Karaoke Idol]** (Караоке пірі): түрлі әншілер арасында 4 өлеңге дейін ән айту жарысы және жарыс нәтижесі көрсетіледі.

-
- 1) **[Karaoke Scoring]** (Караоке ұпай жинау) опциясында деңгейді (бастапқы, орта, жоғары) таңдау.
 - 2) **[Karaoke Idol]** (Караоке пірі) опциясында жарысты қосу.
↳ Әнді таңдау мәзірі көрсетіледі.
 - 3) Жолды (VCD/SVCD) немесе атауды/бөлімді (DVD) бірінші ән ретінде енгізу. 4 әнге дейін таңдауға болады.
 - 4) Одан кейін, **[Start]** (Бастау) пәрменін таңдап, таңдалған әндерді ойнатуды бастау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Барлық таңдалған әндер аяқталған соң жарыс нәтижесі көрсетіледі.
-


- **[Key Shift]** (Key Shift): дауысыңызға сәйкес келетін дыбыс деңгейін реттеу.
- **[Vocal]** (Вокал): түрлі Караоке дыбыс режимдерін таңдау немесе бастапқы вокалды өшіру.

7 Bluetooth қолдайтын құрылғылардан ойнату



Ескертпе

- Құрылғы мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- Жүйе мен құрылғы арасындағы қандай да бір кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.
- Барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.



- 1 **Bluetooth** көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ **[BT]** (Bluetooth) көрсетіледі.
↳ Bluetooth көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Кеңейтілген дыбысты тарату профилін (A2DP) қолдайтын құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «**PHILIPS BTBD3180**» құрылғысын және қажет болса, жұптастыру құпия сөзі ретінде «0000» сандарын енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптастырудан және қосудан кейін Bluetooth көрсеткіші тұрақты көк түске ауысып, құрылғы екі рет сигнал шығарады.
- 4 Қосылған құрылғыдағы дыбысты ойнату.
↳ Дыбыс ағыны Bluetooth қолдайтын құрылғыдан осы құрылғыға жіберіледі.



Кеңес

- Құрылғы 8-ге дейін алдында қосылған Bluetooth құрылғыларын есте сақтай алады.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.


Bluetooth жұптастыру журналын тазалау үшін:

- Негізгі құрылғыда ►|| түймесін 8 секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ Ағымдағы Bluetooth қосылымы ажыратылады.
- ↳ Сәтті тазалаудан кейін құрылғы дыбыстық сигнал шығарады.

8 Радио тыңдау

FM антеннасын жалғау

Радионы тыңдау алдында FM антеннасын осы құрылғыға жалғаңыз.



Радио станцияға реттеу



Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

- 1 FM көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 ◀/▶ (◀◀/▶▶) түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Әлсіз станцияны реттеу үшін:

- Қабылдау жақсарғанша, ◀/▶ (◀◀/▶▶) түймесін қайта-қайта басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 сақтаулы радио стансаны бағдарламаға енгізуге болады.
- Тюнер режимінде, автоматты бағдарламалау режимін іске қосу үшін, **PROG** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ **[AUTO]** (авто) көрсетіледі.
 - ↳ Барлық қолжетімді станциялар толқын диапазонын қабылдау күшінің реті бойынша бағдарламаланады және бірінші бағдарламаланған радиостанция автоматты түрде қосылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 **PROG** түймесін басып, 1-20 санын таңдау үшін, ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
↳ **[SAVE]** (сақтау) көрсетіледі.
- 4 Бірнеше станцияларды бағдарламаға енгізу үшін, 2-3 қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- Тюнер режимінде, алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін, **PRESET +/- (▲ / ▼)** түймесін басыңыз (немесе санды тікелей басыңыз).

9 Басқа мүмкіндіктер



Кеңес

- Дискі/USB көзі таңдалса, бірақ ешқандай дискі салынбаса немесе USB қосылмаса, жүйе тюнер көзін автоматты түрде ауыстырады.

Оятқыш таймерін орнату

Бұл құрылғыны оятар етіп пайдалануға болады. CD, FM немесе USB көзін оятар көзі ретінде орнатуға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **TIME/SLEEP** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін, ▲ / ▼ (немесе +/-) түймесін қайта-қайта басыңыз, одан кейін **TIME/SLEEP** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 3 Минутты орнату үшін, 2-қадамды қайталаңыз, көзді (дискі, USB немесе тюнер) таңдаңыз да, дыбыс деңгейін реттеңіз.



Ескертпе

- Егер 90 секундтың ішінде ешқандай түйме басылмаса, жүйе таймер орнату режимінен автоматты түрде шығады.

Оятар таймерін іске қосу немесе өшіру үшін:

- Оятарды іске қосу немесе өшіру үшін, **TIME/SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Егер таймер іске қосылса, 📶 шығады

Ұйқы таймерін орнату

- Ұйқы таймерін орнату үшін, қосу режимінде орнатылған уақыт кезеңін (минутпен) таңдау үшін **TIME/SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, zzz көрсетіледі.

Ұйқы таймерін өшіру үшін:

- **[SLP OFF]** (ұйқы өшірулі) көрсетілгенше, **TIME/SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ Ұйқы таймері өшірілгенде, zzz өшіп қалады.

Құлақаспап арқылы тыңдау

Құлақаспапты (жинаққа кірмейді) осы өнімнің алдындағы 📶 ұясына жалғаңыз.

10 Параметрлерді реттеу

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** бетін таңдаңыз.
- 3 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін 
 - Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Жалпы реттеу

[General] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[Disc Lock]: дискіні құлыптау немесе ашу.

[OSD Language]: экрандық дисплей үшін таңдаулы тілді таңдау.

[DivX(R) VOD Code]: DivX(R) тіркеу кодын көрсету.



Ескертпе

- Осы DivX тіркеу кодын www.divx.com/vod бетінен бейнені жалға алғанда немесе сатып алғанда енгізіңіз. DivX® VOD (Video On Demand) қызметі арқылы жалданған немесе сатып алынған DivX бейнелерін тек тіркелген құрылғыда ойнатуға болады.

Бейнені реттеу

[Video] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[TV System]: бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертіңіз. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- **[PAL]** — PAL түс жүйесі бар ТД үшін.
- **[Multi]** — PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.
- **[NTSC]** — NTSC түс жүйесі бар ТД үшін.

[TV Display] (ТД дисплей): ТД пішімі жалғанған ТД түріне сай дисплейдің кадр пішімін анықтайды.



4:3 Pan Scan (PS)



4:3 Letter Box (LB)



16:9 (Wide Screen)

- **[4:3 Pan Scan]** — 4:3 экранды ТД үшін: шеттері кесілген толық биіктікпен көрсету.
- **[4:3 Letter Box]** — 4:3 экранды ТД үшін: экранның үстінде және астында қара жолақтармен кең экранды көрсету.
- **[16:9]** — кең экранды ТД үшін: дисплей қатынасы 16:9.

[Picture Setting]: сурет түсі параметрлерінің алдын ала анықталған жиынын таңдау.

- **[Standard]** — бастапқы түс параметрі.
- **[Bright]** — анық түс параметрі.
- **[Soft]** — бұлыңғыр түс параметрі.
- **[Personal]** — түс параметрін реттейді. Жарықтық, контраст, реңк және түс қанықтығы деңгейін орнатыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

[HD JPEG] (HD JPEG): сурет түсі параметрлерінің алдын ала анықталған жиынын таңдау.

[HDMI Setup]: HDMI қосылымы арқылы келесі реттеуді ашу.

- **[Resolution]:** анықтығы жоғары бейнелер үшін ажыратымдылықты таңдау.
- **[HDMI Deep Color]:** миллиондаған түстерді пайдаланып тірі суреттерді көрсету арқылы ТД экранында шынайы әлемді қайта жасаңыз. Үй кинотеатры терең түсті қолдайтын теледидарға HDMI кабелі арқылы қосылған болуы керек.

- **[Wide Screen]:** кең экранды бейнелер үшін көрсету пішімін таңдау.
- **[EasyLink Setup]:** EasyLink бақылауын орнату.

Дыбысты реттеу

[Audio] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[HDMI Audio]: теледидардың HDMI дыбыс шығысын орнатыңыз немесе теледидардың HDMI дыбыс шығысын өшіріңіз.

[Audio Sync]: дыбыс пен бейнені сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда дыбыс кідірісін орнату.

[Sound Mode]: таңдаулы дыбыс режимін өшіру немесе таңдау.

- **[Original]** (бастапқы)
- **[Movie Mode]**
- **[Music Mode]**
- **[Gaming]** (ойын)
- **[News]** (жаңалықтар)

[Night Mode]: DVD фильмдерін басқаларды мазаламай төмен дыбыс деңгейімен көру үшін қатты дыбыс деңгейін жұмсағырақ және жұмсақ дыбыс деңгейін қаттырақ ету.

- **[On]** — түнде тыныш көру (тек DVD дискілері).
- **[Off]** — көлемді дыбысты толық динамикалық ауқыммен тыңдау.

Артықшылықтар

[Preference] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[Audio]: дискіні ойнату үшін таңдаулы дыбыс тілін таңдау.

[Subtitle]: дискіні ойнату үшін таңдаулы субтитр тілін таңдау.

[Disc Menu]: диск мәзірінің таңдаулы тілін таңдау.



Ескертпе

- Егер орнатқан тіл дискіде қол жетімді емес болса, диск өзінің әдепкі тілін пайдаланады.
- Кейбір DVD дискілері үшін субтитр/дыбыс тілін тек диск мәзірінен өзгертуге болады.

[Parental Control]: балалар үшін жарамсыз дискілерге қатынасты шектеу. Мұндай диск түрлерін дәрежелермен жазу керек.

- 1) **OK** түймесін басыңыз.
- 2) Дәреже деңгейін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 3) Сандық пернелерді басып, құпия сөзді енгізіңіз.



Ескертпе

- Сіз **[Parental Control]** ішінде орнатқаннан жоғары баға белгіленген дискілерді ойнату үшін құпиясөз қажет.
- Бағалар елге байланысты. Барлық дискілерді ойнатуға рұқсат ету үшін **[8 Adult]** дәрежесін таңдаңыз.
- Кейбір дискілерде дәрежелер басылған, бірақ дәрежелермен жазылмайды. Бұл функция мұндай дискілерге әсер етпейді.

[PBC]: VCD дискісін мәзір экранына сәйкес интерактивті ойнату.

- **[On]** — мәзір экраны көрсетіледі.
- **[Off]** — қалыпты ойнату жалғасады.

[Password]: бұл параметр ата-аналық бақылау үшін құпия сөзді өзгертуге мүмкіндік береді. Әдепкі құпия сөз — 000000.

- 1) Сандық пернелерді басып, **[Old Password]** өрісіне «000000» санын немесе соңғы орнатқан құпия сөзді енгізіңіз.
- 2) Жаңа құпиясөзді **[New Password]** өрісіне енгізіңіз.
- 3) Жаңа құпиясөзді **[Confirm PWD]** өрісіне қайтадан енгізіңіз.
- 4) Мәзірден шығу үшін **OK** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, жаңа құпия сөзді орнату алдында «000000» санын енгізіңіз.

[DivX Subtitle]: DivX субтитрін қолдайтын таңбалар жиынын таңдау.



Ескертпе

- Субтитр файлының атауы фильм файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз. Мысалы, фильмінің файл атауы «Movie.avi» болса, онда мәтіндік файлды «Movie.sub» немесе «Movie.srt» деп атау керек.

[Version Info]: осы құрылғының бағдарламалық құрал нұсқасын көрсету.

[Default]: құпия сөз және ата-ана параметрлерін қоспағанда, барлық параметрлердің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру.

11 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Ең жоғары шығыс қуаты	150 Вт
Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц; ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	≥ 70 дБ
Гармоникалық мазмұн	$< 1\%$
Қосымша кіріс	600 мВ RMS

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	6 Ом
Үндеткіш драйвері	4" ТЖ динамик + 20 мм ЖЖ динамик
Сезімталдық	> 83 дБ/мВт

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1 + EDR
Жиілік жолағы	2,4 ГГц ~ 2,48 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87.5-108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
Сезімталдық	
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	< 22 дБф
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	< 45 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	< 30 дБф
Гармоникалық мазмұн	$< 3\%$
Шу коэффициентіне сигнал	> 45 дБ

USB

USB Direct нұсқасы	2.0 жоғары жылдамдық
USB қуаты 5 В	≤ 500 мА

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Бейнені кодсыздандыру	MPEG-1 / MPEG-2 / DivX
Бейне DAC	12 бит
Сигналдар жүйесі	PAL / NTSC
Бейне пішімі	4:3 / 16:9
Бейне С/Ш	> 57 дБ
Дыбыс DAC	24 Бит / 96 кГц
Гармоникалық мазмұн	$< 1\%$ (1 кГц)
Жиілік жауабы	4 Гц - 20 кГц (44,1 кГц) 4 Гц - 22 кГц (48 кГц) 4 Гц - 24 кГц (96 кГц)
Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц; ± 3 дБ
С/Ш қатынасы	> 70 дБА

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	100-240 В, 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	42 Вт
Қуатты үнемдеу күту режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	230 x 195 x 235 мм
- Динамик қорабы (Е x Б x Қ)	142 x 307 x 215 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	2,3 кг
- Динамик қорабы	2 x 2,8 кг

Қолданылатын дискі пішімдері

- Сандық бейне дискілері (DVD)
- Video CD (VCD)
- SuperVideo CD (SVCD)
- Қайта жазылатын сандық бейне дискілер (DVD+RW)
- Ықшам дискілер (CD)
- CDR(W) пішіміндегі Сурет (Kodak, JPEG) файлдары
- CDR(W) пішіміндегі DivX(R) дискісі: DivX 3.11, 4.x және 5.x

Қолданылатын MP3-CD пішімдері:

- ISO 9660
- Ең жоғарғы жазба/альбом атауы: 12 таңба
- Ең жоғарғы жазба саны мен альбом: 255
- Ең жоғарғы енгізілген каталог: 8 деңгей.
- Ең жоғарғы альбом саны: 32.
- Ең жоғарғы MP3 жол саны: 999.
- MP3 дискілеріне қолданылатын үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44.1 кГц, 48 кГц.
- MP3 дискісіне қолданылатын бит жылдамдығы: 32, 64, 96, 128, 192, 256 (кбит/с).

Қолданылмайтын дискі пішімі:

- *.VMA, *.AAC, *.DLF, *.M3U, *.PLS, *.WAV секілді файлдар
- Ағылшынша емес альбом/жазба атауы
- Joliet пішімінде жазылған дискілер
- MP3 Pro және ID3 тәгі бар MP3

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомбар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 32 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- бос альбомдар: бос альбом - құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдар еленбейді және ойнатылмайды.
- WMA, AAC, WAV, PCM дыбыс файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

12 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғы АТ қуат сымының дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Динамиктің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Жолақты динамик сымдарының қыстырылғанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) турап салыңыз.

- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Диск ойнатылмайды

- Оқылатын дискіні белгі жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Диск түрін, түс жүйесін және аймақтық кодты тексеріңіз. Дискіде қандай да сызықтардың немесе дақтардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Жүйені реттеу мәзірінен шығу үшін  түймесін басыңыз.
- Ата-аналық бақылау құпия сөзін өшіріңіз немесе дәреже деңгейін өзгертіңіз.
- Жүйе ішінде ылғал конденсацияланған. Дискіні шығарыңыз және жүйені шамамен бір сағатқа қосып қалдырыңыз. АТ қуат ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Сурет жоқ

- Бейне қосылымын тексеріңіз.
- ТД дұрыс бейне кірісі арнасына қосыңыз.
- Прогрессивті жайма қосылған, бірақ ТД прогрессивті жайманы қолдамайды.

Қара және ақ немесе бұрмаланған сурет

- Диск ТД түс жүйесінің стандартына (PAL/NTSC) сәйкес емес.
- Кейде аз сурет бұрмалануы пайда болуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Дискіні тазартыңыз.
- Бұрмаланған сурет прогрессивті жайманы реттеу кезінде пайда болуы мүмкін.

ТД экранының кадр пішімін тіпті ТД дисплей пішімін орнатқан болсаңыз да өзгерту мүмкін емес.

- Кадр пішімі жүктелген DVD дискісінде бекітілген.
- Кейбір ТД жүйелері үшін кадр пішімін өзгерту мүмкін емес.

DivX бейне файлдарын ойнату мүмкін емес.

- DivX бейне файлы толық екенін тексеріңіз.
- Файл кеңейтімінің дұрыстығын тексеріңіз.
- Сандық құқықтар мәселесіне байланысты, DRM-қорғалған бейне файлдарды баламалы бейне қосылымы арқылы ойнатуға болмайды (мыс. композиттік, компоненттік және scart). Бейне мазмұнды диск құралына тасымалдаңыз.

Дыбыс немесе субтитр тілдерін орнату мүмкін емес

- Диск бірнеше тілдегі дыбыспен немесе субтитрлермен жазылмаған.
- Дискіде дыбыс немесе субтитр тіліне тыйым салынған.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.

Bluetooth байланысы сәтті орнағаннан кейін де құрылғыда музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны осы құрылғы арқылы музыканы сымсыз ойнату үшін пайдалану мүмкін емес.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Бұл құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Бұл құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Бұл функцияны қосу әдісі туралы анықтама алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы Bluetooth арқылы басқа құрылғымен қосылып қойған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптасқан мобильді құрылғы тұрақты қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Ол осы құрылғының ақаулығын білдірмейді.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

13 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің және батареялардың бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады. Өнім кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареяларды қамтиды. Батареяларды бөлек жинау туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

Аймағыңыздағы қайта өндеу орталығы туралы қосымша ақпарат алу үшін www.recycle.philips.com сайтына кіріңіз.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар

мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс. Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған.

«Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



'DVD Video' DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі болып табылады.




DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандық бейне пішімі болып табылады. Бұл — DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD

бөлімінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.

DivX®, DivX Certified® және оларға қатысты логотиптер Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Ескертпе

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.



Specifications are subject to change without notice
2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

